

2023 – 2024 оқу жылында арнайы педагог С.Қырданованың

атқарылған жұмыстардың жылдық

ЕСЕБІ

2023-2024 оқу жылының мақсаты ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың психофизикалық дамуын қолдау, танымдық, сөйлеу және әлеуметтік дағдыларын түзете-дамыта отырып, олардың қоғамға бейімделуіне жағдай жасау және жеке мүмкіндіктерін барынша ашу.

Міндеттері:

- Оқушылардың даму деңгейін кешенді зерттеу (танымдық, сөйлеу, эмоционалдық-еріктік);
- жеке даму ерекшеліктерін анықтау және талдау;
- диагностикалық нәтижелер негізінде жеке дамыту бағдарламаларын (ЖДБ) құрастыру.
- мамандармен және ата-аналармен бірлесе оқушы бойындағы қиындықты шешу жолдарын анықтау және түзету-дамыту жұмысының бірлік жүйесін жетілдіру;
- жоғары психикалық функцияларды және танымдық қызметін дамыту;
- ата-аналарға консультациялық көмек көрсету;
- балалардың танымдық қабілеттерін дамытуда оң динамикаға қол жеткізу;
- танымдық процестерді дамыту (зейін, ес, ойлау, қабылдау);
- сөйлеу тіліндегі кемшіліктерді түзету және тілдік қорды байыту;
- ұсақ және жалпы моториканы дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізу;
- әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау дағдыларын қалыптастыру.
- ата-аналарды, отбасын түзете-дамыту процесіне тарту;
- ерекше білім беру қажеттілігі бар әр оқушыға жеке және топтық даму бағдарламасын құрастыру;
- өз білімдерін жетілдіру және өзара тәжірибе алмасуды ұйымдастыру;
- Республикалық, облыстық, қалалық және мекеме деңгейіндегі семинар, конференция, педагогикалық оқуларға қатысу.

2023-2024 оқу жылының қыркүйек айында жүргізілген зерттеу қорытындысы бойынша және ПМПК-ның шешімінің негізінде, арнайы педагогтың түзете-дамыту сабағына 56 оқушы тізімге алынды.

Ұйымдастырушылық бағыт бойынша

Оқу жылының басында арнайы педагог кабинеті талапқа сай жабдықталып, көрнекі-дидактикалық материалдар толықтырылды. Жылдық жұмыс жоспары, сабақ кестесі және жұмыс кестесі құрылды. Оқу жылы басында жылдық жоспар және бастауыш сынып оқушыларына №51 бұйрық бойынша, жоғары сынып оқушыларына №469 бұйрық бойынша күнтізбелік

жасалып, сабақ кестесі құрылды. Әр оқушы бекітілген сабақ кестесі бойынша аптасына 2 рет келеді. Әр жеке сабақ 25-30 минут аралығында өтеді. Бекітілген 56 оқушыға түзете-дамыту бағдарламасы жасалынды. Түзету сабақтары сабақтан тыс кезінде өткізіледі.

Қыркүйек айында:

- Оқушыларға диагностикалық зерттеу жүргізілді;
- Оқушылардың жеке ерекшеліктері анықталды;
- Жеке және топтық сабақтарға топтар құрылды;
- Құжаттар (журналдар, бақылау формалары) рәсімделді.
- Жыл бойы барлық құжаттар талапқа сай жүргізілді.

Білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау және оқушыларды қолдау бағыты бойынша

Оқушылардың даму деңгейін анықтау мақсатында:

- Сабақ барысында бақылау жүргізілді;
- Диагностикалық әдістемелер қолданылды;
- Ата-аналармен сұхбаттар мен сауалнамалар алынды.

Нәтижесінде:

- Әр оқушыға жеке дамыту бағдарламасы (ЖДБ) құрылды;
- Жеке және топтық сабақтардың жоспарлары жасалды;
- Оқушылардың оқу қиындықтары анықталып, мамандармен бірлесе талқыланды.

Жыл бойы мұғалімдердің сұранысы бойынша қосымша бақылау және бағалау жұмыстары жүргізілді.

Оқушыларды қолдау және оның тиімділігін бағалау бағыты бойынша жыл бойы оқушылармен жеке және топтық сабақтар жүргізілді. Оқушыларды сабақта бақылап жеке ерекшеліктеріне назар аударылды.

Жыл бойы арнайы педагог тарапынан:

- Жеке және топтық түзете-дамыту сабақтары жүйелі түрде өткізілді;
- Танымдық процестер (зейін, есте сақтау, ойлау) дамытылды;
- Сөйлеу тілін дамыту жұмыстары жүргізілді;
- Ұсақ моторика және сенсорлық қабілеттер жетілдірілді.

Жетістіктер:

- Оқушылардың танымдық белсенділігі артты;
- Сөйлеу дағдыларында оң өзгерістер байқалды;
- Қарым-қатынас дағдылары жақсарды;
- Кейбір оқушыларда оқу дағдылары қалыптаса бастады.

Түзету жұмыстарының тиімділігі динамикалық бақылау арқылы бағаланып отырды.

Оқушылармен жүргізілген жұмыстар

Барлық оқушылармен аптасына 2 рет деңгейіне қарай жеке және топтық сабақ өтілді. Күнтізбелік тақырыптар бойынша бастауыш сынып


оқушыларымен сабақтар жүргізілді. Әр өтілетін жаңа тақырыптарға сәйкес көптеген көрнекіліктер мен тапсырмалар, дидактикалық ойындар жасалды.



«6 саны» тақырыбы бойынша сабақ



«Көліктер» тақырыбы



«Бірге дамытамыз» тақырыбы



«Көкөністер» тақырыбымен жұмыстары



«Көліктер» тақырыбымен жұмыстары



«Көкөністер, жемістер, жидектер» тақырыбы

Кеңестік-әдістемелік қызмет бағыты бойынша
Жыл бойы:

- Ата-аналарға жеке кеңестер берілді;
- Үй жағдайында жұмыс жүргізу бойынша ұсыныстар жасалды;
- Мұғалімдерге оқушылармен жұмыс жүргізу бойынша әдістемелік көмек көрсетілді.

Бұл жұмыстар ата-ана мен мектеп арасындағы байланысты нығайтуға ықпал етті.

№7 арнайы түзету мектеп -интернатында 24.10.2023 жылы Арнайы мамандардың ұйымдастырумен “Үй жағдайында орындалатын жаттығулар” тақырыбында ата-аналарға кеңес беру мақсатында ашық есік күні өткізілді.
<https://www.facebook.com/share/p/14QiRvQE7XQ/?mibextid=wwXifr>

Мақсаты: Үй жағдайында орындалатын қарапайым тапсырмаларды жасау арқылы оқушының ұсақ қол моторикасының белсенділігін дидактикалық ойындар арқылы дамыта отырып, қызығушылықтарын ояту, көріп қабылдауын, есте сақтауын, ойлауын дамыту, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Ата-анаға кеңес беру бағытында төмендегі жұмыстарды орындау ұсынылды. Мысалы: түймелерді қадау, бауларды байлау, дәндермен жұмыс, моншақты тізу, киімдерді жинау т.б.

Ата - аналар мамандармен өз ойларын бөлісіп, жақсы кеңестер алып, бірлескен жұмыстар нәтижелі болатынына сенім білдірді.



13.05-17.05 аралығында түзету пән бірлестігінің "Бәрін білгім келеді!" тақырыбында апталықтың ашылуы болып өтті. Апталықтың ашылуы барысында әріптестерді "Додекаэдр" әдісімен қарсы алып, психологиялық ахуал орнатылды.

<https://www.facebook.com/share/v/1DQRbwbrLo/?mibextid=wwXIfr>

16 мамыр күні арнайы педагог Салтанат Қырданова 3 "А" сынып оқушысымен "Жемістер" тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Сабақтың мақсаты:

Оқушыға жемістер туралы түсінік беру, жемістің түрін, түсін, пішінін ажырату, дәмін сезіну, танымдық қабілеттерін, байланыстырып сөйлеуін, тілдік қорын, математикалық түсініктерін дамыту.

<https://www.facebook.com/share/v/18Q1erMK3i/?mibextid=wwXIfr>



Өзін-өзі дамыту бағыты бойынша жыл бойында түрлі тақырыптармен баяндамалар дайындалып, мұғалімдермен, ата-аналармен, оқушылармен жұмыстар жүргізілді.

Өткізілген күні: 21.09.2023

Тақырыбы: «Ерекше балалармен түзете-дамыту жұмыстарының тиімділігі»

Қатысушылар: арнайы педагогтар, логопед мамандар, психологтар, сынып жетекшілер, мектеп әкімшілігі

Аталған тақырыпта өткізілген баяндамада ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жүргізілетін түзете-дамыту жұмыстарының маңызы мен тиімділігі жан-жақты қарастырылды. Баяндама барысында балалардың танымдық, сөйлеу, эмоционалдық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдер таныстырылды.

Сонымен қатар, жеке дамыту бағдарламасын құру, жүйелі жұмыс жүргізу, ойын технологияларын, нейрожаттығуларды, ұсақ моториканы дамыту әдістерін қолданудың оң нәтижелері атап өтілді. Түзету жұмыстарының тиімділігі баланың даму динамикасы арқылы, яғни сөйлеу

белсенділігінің артуы, зейіннің тұрақтануы, қарым-қатынас дағдыларының қалыптасуы арқылы дәлелденді.

Баяндама барысында тәжірибелік мысалдар келтіріліп, педагогтардың өзара тәжірибе алмасуына мүмкіндік жасалды.

Ұсыныстар:

1. Түзете-дамыту жұмыстарын жүйелі және жоспарлы түрде жалғастыру;
2. Әр балаға жеке бағытталған бағдарламаларды жетілдіру;
3. Ата-аналармен тығыз байланыс орнатып, бірлескен жұмыстарды күшейту;
4. Заманауи әдіс-тәсілдер мен инновациялық технологияларды кеңінен қолдану;
5. Баланың жетістіктерін тұрақты түрде мониторинг жасап отыру.

Өткізілген күні: 14.12.2023

Тақырыбы: «Ерекше білім беру қажет ететін балалардың дамуындағы музыкалық терапияның рөлі»

Қатысушылар: сынып жетекшілер, мамандар

Аталған тақырыпта өткізілген баяндамада ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың жан-жақты дамуына музыкалық терапияның әсері қарастырылды. Музыка арқылы баланың эмоционалдық жағдайын тұрақтандыру, күйзелісті азайту, жағымды көңіл-күй қалыптастыру мүмкіндіктері кеңінен талқыланды.

Баяндама барысында музыкалық терапияның сөйлеу тілін дамытуға, есту қабілетін жетілдіруге, зейін мен есте сақтау процестерін жақсартуға тигізетін оң ықпалы атап өтілді. Әсіресе, ырғақпен жұмыс, ән айту, музыкалық ойындар мен қимыл-қозғалыс жаттығулары балалардың белсенділігін арттырып, қарым-қатынас дағдыларының қалыптасуына ықпал ететіні көрсетілді.

Сонымен қатар, музыка терапиясын түзете-дамыту жұмыстарына кіріктірудің тиімді жолдары ұсынылып, тәжірибелік мысалдар келтірілді. Балалардың шығармашылық қабілеттерін ашу, өзін-өзі еркін көрсетуіне жағдай жасау – музыкалық терапияның негізгі артықшылықтарының бірі екендігі атап өтілді.

Ұсыныстар:

1. Әр баланың ерекшелігіне сай музыкалық жаттығуларды таңдау;
2. Ата-аналарға үй жағдайында қарапайым музыкалық жаттығуларды қолдану бойынша кеңес беру;
3. Балалардың жетістіктерін бақылап, музыкалық терапияның тиімділігін тұрақты бағалау.

Өткізілген күні: 17.01.2024

Тақырыбы: «Ұсақ-қол моторикасын дамыту – сапалы білімге негізгі жол»

Қатысушылар: 3 сыныптар мен сынып жетекшілері

Аталған тақырыпта өткізілген баяндамада ұсақ-қол моторикасын дамытудың бала білімінің сапасына тигізетін әсері жан-жақты қарастырылды.

Ұсақ моторика – баланың сөйлеу тілі, ойлау қабілеті, жазу дағдылары мен жалпы танымдық процестерінің дамуына тікелей ықпал ететін маңызды фактор екендігі атап өтілді.

Баяндама барысында саусақ жаттығулары, құрастыру, мозайка, жапсыру, сурет салу, ермексазбен жұмыс сияқты әдіс-тәсілдердің тиімділігі көрсетілді. Сонымен қатар, ұсақ моториканы дамыту арқылы баланың зейіні, есте сақтау қабілеті, қимыл үйлесімділігі мен сөйлеу белсенділігі артатыны тәжірибелік мысалдар арқылы дәлелденді.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жүргізілетін түзете-дамыту жұмыстарында ұсақ моториканы дамытуға бағытталған тапсырмаларды жүйелі қолдану қажеттілігі ерекше атап өтілді. Бұл жұмыстар баланың мектепке дайындығын арттырып, оқу дағдыларын меңгеруіне оң әсер етеді.

Ұсыныстар:

Ұсақ моториканы дамыту жаттығуларын күнделікті оқу-тәрбие процесіне енгізу;

Әр баланың даму деңгейіне сәйкес жеке тапсырмалар беру;

Саусақ ойындары мен шығармашылық жұмыстарды жүйелі ұйымдастыру;

Ұсақ моторика дамуын бақылап, нәтижесін тұрақты түрде бағалау.

Өткізілген күні: 22.02.2024

Тақырыбы: «Ойын технологиялары – түзету жұмысының тиімді құралы»

Қатысушылар: арнайы педагогтар, логопед мамандар, психологтар, бастауыш сынып мұғалімдері, тәрбиешілер, мектеп әкімшілігі

Аталған тақырыпта өткізілген баяндамада ойын технологияларын түзете-дамыту жұмыстарына тиімді енгізудің маңызы қарастырылды. Ойын – бала үшін табиғи әрекет болғандықтан, ол арқылы білім беру және түзету жұмыстары жеңіл әрі нәтижелі жүзеге асатыны атап өтілді.

Баяндама барысында дидактикалық, рөлдік, қимыл-қозғалыс, сюжеттік ойындардың бала дамуына тигізетін оң әсері талқыланды. Ойын арқылы баланың сөйлеу тілі дамып, сөздік қоры молаятыны, зейіні мен есте сақтау қабілеті жақсаратыны, сондай-ақ қарым-қатынас дағдылары қалыптасатыны көрсетілді.

Сонымен қатар, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс барысында ойын технологияларын қолдану олардың белсенділігін арттырып, оқу үдерісіне деген қызығушылығын күшейтетіні тәжірибелік мысалдар арқылы дәлелденді. Ойын элементтері баланың эмоционалдық жай-күйін тұрақтандырып, өзін еркін сезінуіне мүмкіндік береді.

Ұсыныстар:

1. Ойын технологияларын түзете-дамыту сабақтарына жүйелі түрде енгізу;
2. Әр баланың жас және жеке ерекшеліктеріне сай ойын түрлерін таңдау;
3. Рөлдік және дидактикалық ойындарды кеңінен қолдану;

4. Педагогтардың ойын әдістері бойынша тәжірибе алмасуын ұйымдастыру;

Өткізілген күні: 18.04.2024

Тақырыбы: «Нейрожаттығулардың бала дамуына әсері»

Қатысушылар: арнайы педагогтар, логопед мамандар, психологтар, бастауыш сынып мұғалімдері, тәрбиешілер, мектеп әкімшілігі

Аталған тақырыпта өткізілген баяндамада нейрожаттығулардың бала дамуына тигізетін оң әсері жан-жақты қарастырылды. Нейрожаттығулар – ми қызметін белсендіруге, оң және сол ми жарты шарларының үйлесімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған тиімді әдіс екендігі атап өтілді.

Баяндама барысында нейрожаттығулардың баланың зейінін шоғырландыруға, есте сақтау қабілетін арттыруға, ойлау процестерін дамытуға және қимыл үйлесімділігін жақсартуға ықпал ететіні көрсетілді. Сонымен қатар, бұл жаттығулар сөйлеу тілінің дамуына, әсіресе дыбыстарды дұрыс айту мен сөздік қорды байытуға оң әсерін тигізетіні тәжірибелік тұрғыда дәлелденді.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс барысында нейрожаттығуларды жүйелі қолдану олардың оқу әрекетіне бейімделуін жеңілдетіп, эмоционалдық тұрақтылығын қалыптастыруға көмектесетіні атап өтілді. Қарапайым қимыл-қозғалыс жаттығулары, айқас қимылдар, тыныс алу жаттығулары балалардың белсенділігін арттырып, қызығушылығын оятады.

Ұсыныстар:

Нейрожаттығуларды күнделікті сабақ құрылымына енгізу;

Жаттығуларды баланың жас және жеке ерекшеліктеріне сай таңдау;

Қимыл-қозғалыс пен ойлау әрекетін қатар дамытатын тапсырмаларды қолдану;

Өткізілген күні: 21.05.2025

Тақырыбы: «Ерекше балалармен түзете-дамыту жұмыстарының тиімділігі»

Қатысушылар: арнайы мамандар, педагогтар

Аталған тақырыпта өткізілген баяндамада ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жүргізілетін түзете-дамыту жұмыстарының маңызы мен тиімділігі жан-жақты қарастырылды. Түзете-дамыту жұмыстары баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оның танымдық, сөйлеу, эмоционалдық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз етуге бағытталатыны атап өтілді.

Баяндама барысында тиімді әдіс-тәсілдер ретінде ойын технологиялары, нейрожаттығулар, сенсорлық дамыту, ұсақ моторикамен жұмыс, сондай-ақ жеке дамыту бағдарламасын құру жолдары көрсетілді. Бұл әдістерді жүйелі қолдану арқылы баланың зейіні, есте сақтау қабілеті, сөйлеу белсенділігі артып, қоршаған ортамен қарым-қатынасы жақсаратыны тәжірибелік мысалдар арқылы дәлелденді.

Сонымен қатар, түзету жұмыстарының нәтижелілігі тұрақты диагностика мен мониторинг жүргізу арқылы бағаланатыны, педагог пен ата-ана арасындағы тығыз байланыс табысты нәтижеге жеткізетін маңызды фактор екендігі айтылды.

Ұсыныстар:

1. Түзете-дамыту жұмыстарын жүйелі және жоспарлы түрде жүргізу;
2. Әр балаға жеке бағытталған дамыту бағдарламасын жетілдіру;
3. Заманауи әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдану;

Біліктілік арттыру жұмыстары бойынша Оқу жылы барысында арнайы педагог:

- Әдістемелік тақырыптар бойынша жұмыс жүргізді;
- Семинарлар мен іс-шараларға қатысты;
- Тәжірибе алмасу жұмыстарын жүргізді.

Атап айтқанда:

- «ЕББ бар балалардың мектепке бейімделуі»;
- «Нейрогимнастиканың маңызы»;
- «Танымдық процестерді дамыту» тақырыптары қарастырылды;
- Мектепшілік семинарларға белсенді қатысты.

«Ерекше қажеттілігі бар балаларға арналған білім берудің жаңартылған мазмұнын іске асыру жағдайында инклюзивті білім беру» тақырыбында Әл-Фараби атындағы қазақ Ұлттық университеті жанындағы біліктілікті арттыру және қосымша білім беру институтында 80 академиялық сағат көлемінде курс оқыдым.



«Арнайы білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие және түзету процесін ұйымдастыру» тақырыбында «Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығында курс оқыдым.




«Арнайы білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие және түзету процесін ұйымдастыру» тақырыбында семинар-практикумға қатыстым. Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы»



Арнайы педагог С.Қырдыанованың 2023-2024 оқу жылында түзету жұмыстарын жүргізу көрсеткіштеріне мониторинг нәтижелері

Оқу жылы басында мектеп оқушылары диагностикалық зерттеу нәтижелері бойынша 3 деңгейге (жоғары, орташа, төмен) бөлінді.

Түзету сабағына қатысатын оқушылар деңгейлері бойынша жалпы динамикасы



Түзету сабағына қатысатын оқушылар саны — 56.

| Деңгей/Кезеңдер | Қыркүйек | Желтоқсан | Мамыр |
|-----------------|-----------------|-----------------|-----------------|
| I деңгей | 9 оқушы - 16 % | 11 оқушы - 20% | 12 оқушы - 21 % |
| II деңгей | 21 оқушы - 38 % | 22 оқушы - 39 % | 23 оқушы - 41 % |
| III деңгей | 26 оқушы - 46 % | 23 оқушы - 41 % | 21 оқушы – 38 % |

II деңгейден 3 оқушы I деңгейге ауысты.

III деңгейден 5 оқушы II деңгейге ауысты.

Түзету жұмыстары нәтижесінде I деңгейдегі 3 оқушы түзету сабағынан шығарылды.

Жүргізілген жұмыстар:

- **Сандық және логикалық дағдылар:** санау, пішіндерді және түстерді ажырату
- **Есте сақтау жаттығулары:** жұптасқан суреттерді сәйкестендіру, қарама-қарсы ұғымдарды табу, дыбыс, иіс арқылы танымдық тәжірибе

Нәтижесі:

- Есте сақтау қабілеті 60%-дан 85%-ға дейін жақсарды.
- Назар аудару және ойлау қабілеттері айтарлықтай дамыды.
- Тапсырманы өз бетімен орындау деңгейі артты.

Жүргізілген жұмыстар:

- Баланың жеке даму бағдарламасы бойынша сабақтар.
- Мақсат: сөйлеу тілін түзету, назар аудару, логикалық ойлау қабілетін дамыту.

Нәтижесі:

- Жеке сабақтарға қатысқан балалар көпшілігі өз бетінше тапсырмаларды орындай алады.
- Кейбір балаларда сөйлеу тілі айқын жақсарды, артикуляция мен сөздік қор да жақсы.

2023–2024 оқу жылында арнайы педагогтың жұмысы жоспарға сәйкес толық жүзеге асырылды. Жүргізілген түзете-дамыту жұмыстары нәтижесінде оқушылардың дамуында оң динамика байқалды.

Есепті жасаған:

арнайы педагог С.Қырданова